

02.016 K.2316-7
733
01

Әмен ӘЗИЕВ

ҰЛЫ ДАЛА
ҰЛАҒАТТАРЫ
(Абылайханнан
Нұрсұлтанға дейін)

Әмен ӘЗИЕВ

ҰЛЫ ДАЛА ҰЛАҒАТТАРЫ

(Абылайханнан Нұрсұлтанға дейін)

Әң ардақты, әрі ақпан
енбекшім бауырым Әуенге
осы кітабымада зор құрметпен
ұсындым!

Әзіев

06.04.2002
Алмағұл.



АДМАТЫ "САНАТ" 2001

ББК 84 (5Қаз) 63.3(5Қаз) 6-7
Ә 33

104757

08

11

Әзиев Ә.

Ә 33 Ұлы Дала Ұлағаттары (Абылайханнан Нұрсұлтанға дейін). — Алматы: “Санат”, 2001. — 344 бет.
ISBN 5-7090-0283-6

Кітапта қазақтың атақты адамдары, атап айтқанда, Қаздауысты Қазыбектің, Қараменде би мен Бижанның Хасенінің, ақын Нарманбеттің, халық қадірлеген А. Байтұрсыновтың, Ә. Ермековтың, Ә. Марғұланнның, сондай-ақ, Ғабит, Сәбит, Бауыржан, Әзілхан, Әбділла, Әбдіжәміл, Олжас, Тоқтар сынды талай ұлағаттардың қызықты да әсерлі жай-күйлері сөз болады.

“Алатаудан үшқан ақиық” деп аталатын тараудан тұңғыш президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың Теміртаудағы өткен жылдары және еңбек жолдарымен таныс боласыз.


Кітап көпшілік көңілінен шығады деген сенімдеміз.

ЖК-2770

Ә 4306020000-10 35-01
416(03)-01

ББК 84 (5Қаз)

ISBN 5-7090-0283-6



© ЖШС “Санат” баспасы, 2001

© Әзіл Әмен, 2001

КАРАГАНДИНСКАЯ
ЦЕНТРАЛИЗОВАННАЯ
БИБЛИОТЕЧНАЯ СИСТЕМА

ФОНЕМЕНТ

19. Қазақтан шыққан ғарышкерлер

1961 жылы 12 сәуірде СССР-дің үлкен сыннан өткен, ғажап ұшқышы, орыс халқының ардақты, асыл перзенті, полковник Юрий Александрович Гагарин (1934-1968) дүние жүзінде бірінші болып, “Восток” атты аспан кемесімен ғарышқа көтерілді. Ол уақытта зымыранның қай жерден алыс көкке аттанғаны құпия болатын. Тұңғыш космонавт жер шарын бір айналып шығып, 1 сағат 48 минут өткеннен кейін, барша тіршіліктің алтын бесігі — туған планетаға аман-есен, қайтып оралды. Бұл тосын, керемет жаңалық хабар жер бетіндегі миллиардтаған адамзатты дүр сілкіндірді. Одан соң, тағы сол жылы 6-шы тамызда Герман Титов, келесі 1962 жылы 11-ші тамызда Андриан Николаев, бір тәулік өте бере Павел Папович ғарышты шарлады. Алғашқы Юрий Гагариннің көгілдір әлемге самғаған бастапқы соқпағынан кейін, осылайша ондаған космонавтар көк аспанның төріне аттана берді. Олардың арасындағы әйел ұшқышы Валентина Терешкованың жан-қиярлығы да тарихта алтын әріппен жазылды.

1961-1974 жылдар аралығында Американың да ондаған космонавттары алыс көкке көтерілді. Ең алғаш А.Шепард (1961), В.Гриссом (1961), Дж.Гленн (1962), М.С.Карпентер (1962), У.Ширра (1963), Г.Купер (1963), т.б. бірінен соң бірі әлемді таңырқатты. Т.Стаффорд, Н.Армстронг, Д.Скотт үшеуі тіпті шалғайдағы айдың бетіне қонып, біреуі серіктес планетаның үстінде жүріп көріп, қайтып оралды. 1974 жылға дейін американдықтардан барлығы 40-қа жуық адам ғарышқа ұшты. 1982 жылдың 1-ші шілдесіне дейін космоста жер бетінен барлығы 111 адам болды. Бұлардың көбі Кеңес Одағынан еді. Ал, қалғандары Чехословакияның, Польшаның, Германияның, Болгарияның, Кубаның, Румынияның, Францияның адамдары болатын. Бұған 1991 жылы 2-ші қазанда алыс аспанға көтеріліп, ғарышты он күндей шарлаған Қазақстан азаматы Тоқтар Әубәкіровтың ерлігі қосылды. Ол нақ 45 жасында ғарышкер атанды. Ал, Кеңес Одағының батыры деген жоғарғы атақты бұдан үш жыл бұрын, 1988 жылы алған еді. Онда оған бұл биік мәртебе, зор қуаныш дыбыстан да шапшаң ұшатын, мүлде жаңадан жасалған, әлі сынақтан жөнді өтпеген, тағдыры беймәлім “МИГ” ұшақтарын сынауды және оларды кеме полубасына қондырып, одан ұшып шығуды қамтамасыз еткені үшін беріліп еді. А.И.Микоян атындағы авиоконструкторлар бюросының бір құжатында бұрынғы Одақтың 26 сынақшы-

ұшқышы болғандардың ішіне Қазақстаннан жалғыз Тоқтар Әубәкіров қана ілігіпті. Солардың тоғызы сынақ кезінде апатқа ұшырап, қаза тапқан. Ал, қалған 11-і батыр атағына ие болған. Тоқтар солардың бірі болыпты. Ғарышқа шырқаудың алдында біздің сұңқарларымыз “МИГ-23” және “МИГ-25” ұшақтарын сыннан өткізіп, тәжірибесін шыңдай берсе керек. Алғашқы ұшақ бір жарым минутта 11-12 мың метр биіктікке көтеріліп, 2500 шақырымды бір сағатта өтіп шығалы екен. Ал, “МИГ-25” болса, ол үш-төрт минутта 20 мың метр биіктікке көтеріліп, сағатына 3000 мың шақырымды алатын әбден жетілдірілген сабаздың өзі екен.

Тоқтардың ұстазы, бұрынғы СССР-дің Еңбек сіңірген сынақшы-ұшқышы, Кеңес Одағының Батыры П.Н.Остапенко біздің інімізбен 1992 жылы Қарқаралыға барған сапарында қазақ халқының тағы бір аяулы перзенті, Кеңес Одағының Батыры деген мәртебелі атаққа екі рет ие болған Талғат Бегелдиновты еске ала сөйлепті. Талғат: “Дыбыстан әлде қайда шапшаң ұшатын, жаңа ұшақты сынау, ғарышқа самғаудан әлде қайда қиын. Демек, мұндай ұшқыш шындап кетсе космонавт бола алады. Ал, космонавт ұшқыш бола алмайды. Себебі, оған мың түрлі тетіктері бар, қанатты ұшақты мінсіз меңгеруіне тура келеді. Ұшқыш өзін қалай сезінсе, игерген ұшағын да солай сезінуі тиіс. Көк жүзінде самғап келе жатқанда, тұтқиылдан туатын ақауды ұшқыштардың бірден сезінуі міндет”, — депті. Тоқтар да осы пікірді қостап: “Кез келген сынақшы-ұшқыштың космосқа ұшуы мүмкін, ал кез келген ғарышкердің сынақшы-ұшқыш болуы екіталай”, — десе керек. Ақиқатында солай ғой. Бойында батылдығы бар космонавт “МИГ” ұшағына қайдан отырсын. Бұған мысал, Валентина Терешкова дыбыстан шапшаң ұшақты игермей-ақ, ғарышқа барып қайтты ғой. Тоқтардың ерен артықшылығы сол, ол авиация техникасының ең соңғы жетістігі — “МИГ”-ті де, аэроғарыш жетістігі — космос кемесін де ойдағыдай игерді. Аспанға көтеретін зымыранның құрылысы өз алдына. Ол көптеген ғылым, ақыл-ой мен жасампаз істің жемісі.

Менің даңқты жерлесім, әрі мақтанышқа айналған інім Тоқтар Әубәкіровтың туған ауылы біздің ауылдан онша қашық емес-ті. Арасы 50-ақ шақырым. Ол Қарқаралы ауданының “Бірінші май” колхозында, мен бұрынғы “Екпінді” колхозында туып-өстік. Арамызда Кент, Қарағайлы таулары ғана боліп тұратын.

1991 жылы 2 қазанда таңертең Мәскеу радиосы әлемге нәсілі орыс Александр Волков, қазақ Тоқтар Әубәкіров, австралиялық Франц Фибек сынды үш космонавтан құралған

халықаралық экипаждың көк күмбезіне ұшқанын хабарлағанда мен айрықша қуандым. Себебі, Тоқтар менің жерлесім болып шықты. Үш ғарышкердің өмірбаяндарын диктор көтеріңкі дауыспен, шабытты сезіммен оқығанда, Тоқтардың туған жері Қарқаралы ауданы, ондағы “Бірінші май” мекені болып шықты. Бұған қалай шаттанып, қалай қуанбассың.

Ертеңінде, 3-ші қазан күні республикалық “Егемен Қазақстан” газеті қазақтың тұңғыш космонавты туралы былай деп жазды: “Бүгін, 2 қазанда, Мәскеу уақытымен 7 сағат 59 минут 30 секундте “Союз ТМ-13” космос караблі ұшырылды... Оны халықаралық экипаж басқарды. Командирі Кеңес Одағының Батыры Александр Волков, команда мүшелері, зерттеуші-космонавтар — Кеңес Одағының Батыры Тоқтар Әубәкіров пен Австралия Республикасының азаматы Франц Фибек!..” Бұл үздік хабар кең байтақ қазақ елінің барлық түкпіріне құйындай тарады.

“Союз” сияқты күрделі ғарыш кемесінің және “Мир” сияқты соңғы үлгідегі станцияның (кешеннің) бүкіл қырсырын толық, әрі мінсіз меңгеру де оңай шаруа емес. Тоқтар бұл салада алдын-ала даярланған өзінің жеті өрістесінен асып түскен. Жалпы дене биіктігі 190 сантиметр, салмағы 110 килограмм тартартын, тіп-тік, сұңғақ бойлы, асқан ақылды, мейірімді түлегіміздің алғырлығы, тас-түйін мінезі, атақты бабасы Қаздауысты Қазыбекке ұқсаған ізгі даналығы дәне ерекше ерлігі тым басым еді. Ол төуекелге бірден баратын батылдығының арқасында көк жүзін еркін шарлады.

Тоқтардың ғарышқа самғаған күнін жария еткен “Егемен Қазақстан” газеті оның өмірбаянын былай деп жазған-ды: “Кеңес Одағының Батыры Тоқтар Оңғарбайұлы Әубәкіров 1946 жылы шілденің 27-де Қарағанды облысындағы Қарқаралы ауданының “Бірінші май” атындағы колхоз поселкесінде дүниеге келген. Еңбек жолын 15 жасында бастап, Теміртау қаласындағы құю-механикалық заводында токарь болып жұмыс атқарған. Сонымен қатар, кешкі мектепте оқыған. 1965 жылы әуе шабуылынан қорғанатын әскери авиациялық училищені бітіргеннен кейін, әскери-әуе күштерінде қызмет атқарған.

Тоқтар Оңғарбайұлы 1976 жылдан, яғни, сынақшы-ұшқыштар мектебін аяқтаған соң, сынақ жұмысымен беріле айналысып, сол кездегі жасалған жаңа ұшақтардың 50-ден астам түрлерін игерген. Бұл елу рет оліммен беттескен деген сөз. 1979 жылы ол өзінің осы тұрақты жұмысынан ешбір қол үзбестен. Мәскеудегі Серго Орджоникидзе атындағы авиация институтын бітірді. 1990 жылы оған “СССР-дің Еңбек

сіңірген ұшқыш-сынақшысы” деген атақ берілді. Ю.А.Гагарин атындағы космонавтар даярлау орталығындағы жаттығуға 1991 жылы кірісті. “Союз ТМ” кемесінде және “Мир” орбиталық кешенінде халықаралық экипаждың космонавт-зерттеушісі ретінде ұшу үшін дайындықтан өтті”.

Жерді — ана дейміз, ана тұтамыз. Әр адам өзінің кіндік кесіп, кір жуған жеріне, талай жақсы мен жайсаңдар туып-өскен еліне тартпай тұра ма. Қаздауысты Қазыбек пен Ұлы Абай болған жер осал ма. “Гүліне қарама, тегіне қара” деген нақыл осындайдан шыққан ғой. Тоқтарға берілген әлгі мінездемеде қасиетті Қарқаралының аты аталуы мұң екен, менің мақтаныш сезімдерім шалқыды. Көз алдыма алыстан көк сағымға оранатын, қатпар-қатпар, гранит тасты, жасыл орманды әсем таулар көлбеңдеді. Тоқтардың ауылына жақын тұратын Қарасор көлі, Қоянды даласы, жібек бетеге мен көде өскен, айналасы түкті кілемдей құлпырған, жасыл өлкелер сағындырды. Алуан түсті гүлдердің жұпар атқан, қош иісті шапағаты мұрынға жеткен тәрізденді. Біздің ғарышкер сол әсем атыраптың тумасы еді, соның қанат қақтырған сайыпқыраны, сұңқары еді. Соғыс жылдарында осы арадағы Сартаудың баурайынан майданға аттанған ағасы, Кеңес Одағының Батыры Мартбек Мамыраевқа ұқсап, ол да Батыр атағын жеңіп алды. Сөйтіп, бір ауылдан екі бірдей атақты адамның шығуы зор мәртебе болды.

Әкесі Оңғарбайдың, анасы Көмияның тоғыз баладан жалғыз қалған ұлының есімі Тоқтар атануы да тегін емес-ті. Балалары бірінен соң бірі шетіней бергесін: “О, алла, осымен тоқтасаңшы!..” деп, ата-ана сәбидің атын Тоқтар қойыпты. Бала ес біліп, жетіле келе, әкесінің темірден түйін түйетін ұсталығына қызығып өседі. Көрік басып, темір саймандарына тым үйірлігін танытыпты. Оңғарбай ақсақал сәл ертерек дүние салған соң, ендігі тәрбиеші тек шешесі болған екен. Асыл анасы мұқым Әубәкір әулетінің түтінін өшірмей, ендігі мұрагері — Тоқтарды еш нәрседен кемшілік көрсетпей бұла етіп өсіріпті. Жасөспірім бір күні ширақтық танытып, баяғы Кеңес Одағының Батыры, даңқы жер жарған тамаша ұшқыш Нүркен Әбдіров оқыған, ұшқыштар даярлайтын мектепке бармақшы болғанда, шеше шіркін:

— Қарағым, телмеңкөз боп өскен жоқсың. Топшың бекіді, қанатың қатайды. Жолыңды кеспеймін. Қайда жүрсен де, Қыдыр гәләйссәләм қасыңда болсын!.. Алланың шапағаты, пайғамбардың үмбеті жебесін!.. Бар, бағың ашылсын!.. Құдайым барар бағытыңды, жетер меженді оң қылсын!.. Әйтеуір, амандығыңды білдіріп, бізді сарғайтпай,

хат салып түр!.. Иә, қарағым сөйт!.. — деп, жүректегі тілегін айтқан, батасын берген.

Осының алдында, жасы 10-12-ге толған, жазда өзен қуалап, жалаң аяқ жүгіріп жүрген шақта, ауыл сыртына егінді баптайтын, қос қанатты ұшақ келіп қоныпты. Балалар улап-шулап, жүгіріп, қасына келіп, ет үйренген соң, олардың арасындағы қаршадай Тоқтар:

— Ағатай, бізді ұшыршы! — деп қолқа салыпты.

Үшқыш абзал жанды, марқабатты, ақкөңіл адам екен, балаларды түгел мінгізіп, есігін ішінен мықтап жауып, онша биік көтерілмей, ауылды екі-үш рет айналып шығады. Көк күмбезіне көтерілуге бала жастан құмартқан Тоқтардың техникаға үйірлігі әкесінің ұсталық оперінен дарыған болса керек. Ол ата-анадан айырылғаннан кейін, біраз жыл Теміртаудағы апасы Бикен мен жездесі Нығыметтің қолында тұрыпты. 1965 жылы Қарағанды облыстық комсомол комитетінің жолдамасымен РСФСР-дың Краснодар өлкесіндегі Армавир қаласындағы ұшқыштар даярлайтын жоғары әскери училищеге жол тартқан. Бұдан кейінгі өсу, ержету кезінде зеңгір аспанда “МИГ” ұшағымен мінсіз ұшу, жаппай-тұрмай жаттығу, тәжірибе жинақтау міндеті едәуір уақытыш алған. 1976 жылы А.И.Микоян атындағы авиоконструкторлар бюросына қызметке қабылданып, ғұмырының ең қиын сәттерін бастан кешірді. Бұл тұста Тоқтар үшін өмір мен өлім ылғи қатар беттесіп отырыпты. Өзіне дейін қазақта сынақшы-ұшқыш болмағаны белгілі. Туған елден алыста, сыртта жергенде, жаңа ұшақтың ақауынан апатқа ұшырасам, өкініште кеткенім ғой дейтін ой, қауып-қатер оны үнемі мазалайтын. Қасындағы Талғат Мұсабаевпен, орыс әріптестерімен кейде пікірілесіп те қоятын. Олардың қайраттандырған сөздері үлкен демеуші болатын. 1991 жылғы самғау сағаты жақындағандағы сезім-күйлерін Тоқтар ешуақытта да ұмыта алмайды. Ол оқуда жүргенде де, ұшар алдында да Қазақстанның бүгінгі басшысы, Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың, оның ұстазы Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың ағалық қамқорлықтарында болды. Алғашқы оқуға түсуіне Димекең айрықша көмек жасапты. Мұның баршасының құпия сақталғаны, Байқоңыр аймағының құпия сақталуынан туған.

“Қыранды қыран қиядан таниды” демекші, сонау бір жылы Тоқтардың сынақшы-ұшқыш кезінде Алматыға келіп, таудағы Шымбұлақта дем алып жатқанда, заманымыздың өлемге әйгілі үлкен суреткер-ақыны Олжас Сүлейменов көріпті. Екеуі өзара танысып, ұзақ сөйлесіпті. Олжас осы

тамаша ұшырасуды елге жария етіп, айтты да ғой. Содан былай, Тоқтар Әубәкіров туралы жиі жазыла бастады. Кітап, кітапшалар да шықты. Тек күнделікті баспасөз бен журнал бетінде 90-шы жылдары көп жазылды. Алматыдағы ұлттық кітапханамыздың есептегі дерегінен сұрағанымда, қазақтың тұңғыш ғарышкері хақында қазақша 30 мақала, орысша 34 мақала қағазға түсіпті. Жарық көрген осыныша туындыларды оқып отырсаң, қаншама қызықты жайларға кенелесің. Жеке авторлардан, жазушы Жүсіпбек Қорғасбековтың “Ғарышкер” атты кітапшасында оқиға аса шындық тұрғысында баяндалған.

Тоқтар елге келуін жиілетіп, Д.А.Қонаевқа тағы бір жолыққанында, Димекең оған:

— Қарағым Тоқтар, әріптесің әрі бауырың Талғат екеуің тұтас бір халықтың, қазақ деген бұратана елдің бақытты ұрпағысыңдар. Мақтанышымыз да, болашағымыз да сендерсіңдер. Ең алдымен аман-есен жүрулеріңе, тамаша сайыпқыран атануларыңа ағалық көңілден тілектеспін! — депті.

Жаңағы жоғарыда айтылған оқуды Тоқтар екі жылда бітіріп, өткен 80-шы жылдардың басынан дыбыстан да жылдам “МИГ”-терді сынақтан өткізу істеріне араласыпты. Әуелі, “Әлемнің ең үздік ұшқышы” деген айтулы атақты үш мәрте алған ұстазы Александр Васильевич Федотов оны өзі басқаратын конструкторлық-тәжірибе бюросына қызметке қабылдаған. Тоқтарға бірінші класты сынақшы-ұшқыш атағы берілгенде, Федотов кенеттен апатқа ұшырап, қайтыс болған. Бұл секілді қаралы-қасіретті көзі көріп, куәсі болса да, қазақ ұшқышы таңдаған мамандығынан ешбір ауытқымапты.

Мен 1995 жылы шілде айында Тоқтар Әубәкіровпен тұңғыш рет кездестім. Ұмытпасам, онда ол Жоғарғы Советке депутат болатын. Кабинеті ескі алаңдағы үкімет үйінің екінші қабатында еді. Оған Абылайхан даңғылы жағындағы есіктен кіретін. Інім ашық, жайдары пейілмен, түрегеп келіп қарсы алды. Барынша жылышырап, бір ғажап майда мінезбен амандасты. Екеуміз жақсы танысып, ұзақ сөйлестік. Мен Балқаш мыс алыбының құрылысына арналған, 1988 жылы жарыққа шыққан “Мыс ошағы” (орысша аудармасы “Медный пояс”) деген жаңа романымды сыйға тарттым. Мұқабасын дереу ашып жіберіп, жазылған қол таңбама көз жүгіртті. Сосын бірінші беттен басталатын, Қарқаралы туралы көркем сипаттарды оқи бастады. Мұнда екеуміздің қасиетті туған жеріміз — Қарқаралының әсем табиғаты елеулі шабытпен суреттелген еді. Соны бірден байқап:

— Атақты “Қаракесек” өнінің авторы Мәди айтқандай, атыңнан айналайын атамекенімізді асқақтата дәріптеген екенсіз. Бұныңыз алғашқы сөйлемнен-ақ байқалып тұр. Мен бұл кітапты қайтсем де оқып шығамын. Рахмет сізге! — деді.

Рас, алғашқы әңгімеміз Қарқаралы жайында орбиді. Әсем табиғат, қасиетті орта, одан шыққан талай жақсы-жайсаңдар сөз болды. Тым әрідегі Қаздауысты Қазыбек бабамыз бен Сеңкебай батырдың заманынан білетіндерімізді санай бастадық. Содан соңғы екі ғасырға ауыстық. Шортанбай мен Нұрманбет ақын, саяси қайраткерлерден Жақып, Ұғымет, Әлімхан, әншілерден Әсет, Ғаббас пен Мәди, Жүсіпбек пен Манарбек, ел басшыларынан Ақайдың Хасені, Бижанның Хасені, бергінде Кеңес Одағының Батырлары болған Нұркен мен Мартбек, осы Тоқтар, ту, санай берсек, толып жатыр екен ғой.

Бозбала шағынан қиын іске қанат қаққан Тоқтар әуелден әскери ұшқыш болуды қалапты. Шын батырлықтың әсері шығар, ол келе-келе сынақшы-ұшқыш болуға да күш салған. Бірақ, бастапқыда оған алмапты. Орыстың шовинистік қылығы бөгет жасаған. Қазақ нәсілін кемсітсе керек. Дінмұхамед Қонаев пен Нұрсұлтан Назарбаевтың жәрдемі мен сынақшы-ұшқыштар қатарына қосылған екен. “МИГ”-ті әбден игергеннен кейін, ол солтүстік мұзды мұхиттың үстімен алты рет ұшып өтіпті. Сондай кезекте қонуға келген жаңа “МИГ-29”-дың рулі сіресіп, ұшақ ие бермей, жұлдызша аққанда, жердегілер “Секір!” деп команда беріпті. Мұндайда тез шешім қабылдау ұшқыштың өз еркі. Тоқтар парашютпен секірсе, ұшақ сөзсіз апатқа ұшырайды. Қаншама қажыр-қайрат, жұмсалған еңбек зая кетеді. “Ұшақты да, өзімді де сақтай алмасам, мұның несі сынақ?” — деп ойлаған ол бір тәңірге сиынып, моторға кезекпекезек от беріп, саспай, сабырлық жасағаны сәттілікке жеткізіпті. Бұл секілді кездескен қауып-қатерді тағы да жеңгені үшін ол Кеңес Одағының батыры атанды.

Осы ортада мынадай бір сырдың бетін аша кеткен жөн. Құрметті атақ алуға ол 1986 жылы ұсынылған. Алайда, оған Алматыдағы желтоқсан оқиғасы килігіп, Горбачевтың қолымен сызылып қалыпты. 1987 жылы да солай болыпты. Тек 1988 жылы Бас конструктордың табанды әрекетінің арқасында, Тоқтар Әубәкіровке Батыр атағы берілді. Осыдан кейін “МИГ-29”-ды ұзындығы 130 метрлік кемеге қондыру тәжірибесі қолға алынбақшы болады. Мұндағы қиындық, “Тбилиси” крейсорының полубасы, американдық “Энтерпроз” крейсерінің полубасынан едәуір кіші екен. Тоқтар әлем алдында

бұл қиындықты да жеңді. Ұшқыштың енді ғарышқа аттану жөніндегі ұлттық сезімі мен намысын Нұрсұлтан ағасының:

— Біздің жеріміздегі Байқоңырдан 30 жылдан бері космосқа өзге жұрттың ғарышкерлері ұшып жатыр. Неге бір қазақ ұшпасқа?.. Ел намысы қайда?.. Тоқтар, сен ғарышқа қайткенде ұшатын бол!.. — деген сөзі оятыпты.

Президентіміздің осы сөзі, осы талабы азаматтың бүкіл тағдыры мен ақыл-ойына өзгеше тың сілкініс әкелсе керек. Іштей қатты ширығып, батылдыققа бастаған. Барша қазақ елі сайыпқыранның қолтығынан демеп, көкке көтеріп жібергендей болған. Оған ел сенімді еді. Миллиондаған аттың күші бар “Союз ТМ-13” зымыраны сәтіммен көкке көтерілген. Сонда “Мир” кешенімен түйісіп, сегіз тоулікке созылған ұшу сапарына қатысқан үш жігіттің бірі біздің Тоқтар еді. Олар айтылмыш күні 10-шы қазанда Қазақстанның Торғай даласына аман-есен келіп қонды. Қазақ сайып қыраны Тоқтар Әубәкіровтың ғарышқа көтерілуі мұқым ісі қазақтың төбесін асқақ Алатаудан асырып, көкке жеткізді. Халқымыз мақтаншп сезіміне бөленді. Туған жердің асыл жаралған, төл азаматы бұрынғы ұшқан Юрий Гагариннің, Герман Титовтың және басқалардың ізін қумай, өз елі, өз жерінде қас тұлпарды ауыздықтағандай әсер қалдырды. Оның космос кеңістігіне сапар шеккеніне биылғы 2001 жылы қазан айында аттай 10 жыл толады. Тоқтар Оңғарбайұлы — қазақ тарихындағы тұңғыш ғарышкер, озық туған халық қаһарманы.

1995 жылы көктемде Президенттің Алматыдағы Ақсарайының Алтын залында Елбасы республиканың бір топ ардагерлеріне наградалар тапсырды. Олардың арасында Тоқтар Әубәкіров пен Талғат Мұсабаев та бар еді. Сонда осы екі асыл перзентті жиналғандар құшақ жая қарсы алды. Екеуіне деген сүйіспеншілікте шек болмады. Бүгінгі мемлекетіміздің тәуелсіздікке, егемендікке қолы жеткен шағында аталған салтанатты жиын зор мереке болып өтті. Президентіміздің өзі:

— Әлемде қазақ дейтін халық бар. Бұрын кейбіреулер білмесе, енді біліп қойыңдар!.. Біз сол халықтың түлегіміз! — деп, жар салды.

Тоқтар мен Талғатқа бұл жолы талай жылы сөздер арналды. Тоқтар сияқты Талғаттың орны да аса бөлек қой. Ол ғарышта 127 тәулік болды. Екі рет ашық кеңістікке шықты. Бір өзі 11 сағат бойы бүкіл космос кешенінің (станциясының) тағдырын шешетін аса қатерлі жұмысты тыңдырды. Ғарыштан Талғат Мұсабаев қайтып оралғанда, еліміздің Президенті Нұрсұлтан Назарбаев оны алдынан шығып, қарсы алған-ды. Сонда Талғаттың сезімталдығы мен парасаттылығы сонша,

ол қасына ерген, аспанда өзімен бірге ұшқан досы Юрий Маленченконы Нүрексіммен бұрын таныстырды. Қазақстан жеріне тұңғыш келген мейманға ерекше көңіл аударды. Нақ со жолы Елбасына Қазақстан Республикасының ғарышта болған мемлекеттік көк байрағы және әлем кеңістігінде болған киелі топырағы табыс етілді. Президентіміз сол ұмытылмас, қуанышты кездесуде Байқоңырдай ұлы ғарыш айлағында еңбек еткен заманымыздың үлкен ғалымдары мен білікті мамандарымыздың біртобына республикамыздың жоғары наградаларын тапсырды.

Даңқты жерлесіміз Тоқтардың анасы Кәмия 1968 жылы қайтыс болды. Содан былай, ол республикадан тыс жерде тұрмыс кешті. 1976 жылы отыз жасында Мәскеуде жүргенде Татьяна Михайловна деген орыс қызына үйленді. Тимур және Михайл дейтін екі ер баласы бұл күнде ержеткен, жақсы азаматтар. Олар қазақ тілін жетік біледі. Ағылшын тілінде де еркін сөйлейді. Космос ғылымында олар да әке сықылды доктор болса, әке жолын қуса, нұр үстіне нұр. Тоқаң 1977 жылы қыркүйек айында “Ұшак қанатының теориясы және оның қосымшасы” деп аталатын, тағы бір ғылыми танымдығы басым, жаңа күрделі кітабын жарыққа шығарды.

1996 жылы 21 ақпанда республикалық “Егемен Қазақстан” газетінің тілшісі Талғат Сүйінбаев Кеңес Одағының Батыры, Қазақстанның халық қаһарманы, ғарышкер-ұшқыш Тоқтар Әубәкіровпен әңгімелесті. “Қиын түйіндер” деп аталатын көлемді материал талай қызықты жайлардың бетін ашты. “Ғарыш сізге не берді?” деген сауалға Тоқтар былай деп жауап берді:

— Ғарыш мені туған еліммен табыстырды. Мен елімнің ұлан-байтақ даласын, асқар тауларын, көлдерін, өзендер мен егістік алқаптарын, көкала түтін астында тұншыққан қалалары мен өнеркәсіп орталықтарын көрдім. Елімнің қуанышын, сүйінішін, көз жасын көрдім. Шексіз-шетсіз ғарыш кеңістігінен кіп-кішкентай әдемі глобус тәрізді адамзат мекен еткен жерді көрдім. Бейне бір тірі организм секілді. Жерге жаракат салмайық, жарасын жазайық... Байқоңырды Ресейге жалға бердік деп, қол қусырып отыра бермейік. Енді Байқоңырдың бағы ашылады деп ойламаңыз. Біреу біреудің үйіне, оның үстіне жалға алған үйіне жаны алушы ма еді. Байқоңыр да солай. Біз бүкіл Байқоңырды орыстарға жалға бердік деп отырмыз, ал олар керегін ғана алады да, керексізін тастайды. Өтірік айтып отырған жоқпын. Одан түсіп жатқан, баршамыз білетін 115 миллион доллар қайда? Екі жылдан астам уақыт өтті, ол 230 миллион доллар болды ғой. Осынша ақша қазір қайда?..

Қызылорда, Жезқазған далаларында шашылып жатқан ракета сынықтарын іске жарату түгілі, оны ұстап көруге болмайды. Оларда реактивті улар тым жоғары. Мал мен адамға бұл улы сәулелер зақым тигізбесін десек, даламызда бытырадай боп шашылып жатқан зымыран сынықтарын тез арада арнаулы адамдар жинастырып, тезірек көзін құрту керек.

Техниканың тілін біліп, оны ойдағыдай меңгеру жағынан едәуір кенжелеуміз. Қазақстанда авиация саласы нашар өсіп келеді. Авиацияны мықтап дамытуға тиісті қаражат бөлінуі қажет. Көк аспанымызға қожалық жасамасақ, көп нәрседен ұтыламыз. Қазір бізде авиация жабдықтарын жасайтын екі зауытымыз бар. Алайда, сол екі зауыт басқа ұлт адамдарының қолында. Солармен бірлесе отырып, қазақ халқынан шыққан инженер-техниктеріміз, конструкторларымыз бен ғалымдарымыз Қазақстанның авиациясын өрге бастыруы керек. Тамаша ұшақтар, автомобильдер, неше түрлі машиналар өз елімізде, өз адамдарымыздың қолымен жасалып жатса, игілік телегей-теңіз боп молаяды ғой.

Жасыратыны жоқ, біздің қазақ мал бағу, оның етін, жүнін, сүтін, терісін ұқсату жағынан кем соқпайды. Бұл жағынан ол талай халықтың алдында келеді. Ал, енді техника жағына соққанда, кемшін соғамыз, кегежектік танытамыз. Ғылыммен, техникалық өнермен барынша қаруланып, туған елімізді жарактандыра бергеніміз жөн. Адамзаттың бүгінгі тіршілігіне не керектің бәрі өзімізде жасалып, мерейіміз өзгелерден үстем болып жатса, бұдан артықты іздеймей-ақ қоялық.

Батырлық пен іскерлік, адалдық пен дарқандық — ата-бабамыздан дарыған, ұлттық қанымызға әбден сіңген қасиет. Бүгінгі мәдениетіміз, өнеріміз бен ғылымымыз әлемдегі ешбір халықтікінен кем де емес. Демек, іргеміз бен озара достығымызды әрқашан берік ұстап, тұрмыстық молшылыққа үнемі кенеле берейік. Мәдени, рухани өремізді айрықша дамытып, жас ұрпағымызды ізгілік пен бақыттың қиясына ұшырайық? — деген асыл мақсатты Токтар алға тартты.

Ардақты азаматтың аузынан осындай ұлағатты сөздер естілгенде, Токтардың асқан адамгершілік қасиеті мен ақыл парасаты аса биіктен көрінді. Ол ғарышта самғап жүргенде, адам баласына алтын бесік болған жер-ананың бейнесіне, ХХ ғасырда өнеркәсіптің өте қарқынды дамуының салдарынан экологиялық зардаптарға мейлінше ұшырап отырған қасіретіне көбірек зер салыпты. Бұл туралы ғалымдарға толып жатқан мағлұматтар әкеліпті. Шынында, тек Қазақстан ғана емес, бүкіл әлем бойынша көк аспан

көк түгіннен көрінбейді. Жер қойнының асыл қазыналары, орман-тоғайлары сарқылып барады. Тұщы сулар тапшылыққа айналды. Ауа кеңістігі мен ұлы мұхиттардың өзі улануға бет алған. Жер бетіндегі көк түгін, сары түгін шығаратын мұржалардың көптігі жан шошытады. Бұрынғы өзендер мен көлдер арнасы азайды. Солардың нақты бір мысалы — Арал мен Балқаш. Күні кеше ғана Каспийдің мөлдір бетіне мұнайдың көп ысырап болуының салдарынан, он мыңға жуық тюлендер (итбалықтар) қырылып қалды емес пе? Тоқтарды осы сықылды экологиялық зардаптар қатты ойландырады екен.

Егер, өткен 1999 жылғы 5 шілдеде Қарағанды облысының Қарқаралы ауданы төңірегіне құлаған Ресей зымыранының зардаптарын тексеруге келген Қазақстанның Үкімет комиссиясы құрамында Тоқтар Әубәкіров сықылды білгір ғарышкер-ғалым болмағанда, не күйге түсетін едік? Онда ақиқат сыры өмір бақи ашылмайтын қайғылы құпияға созсіз душар болатын едік. Президентіміздің аэронавтика жөніндегі көмекшісі Тоқтар бұл жолы нағыз шындыққа көз жеткізді. Сарыарқаның әсем төскейі — Қарқаралының Беталыс және Көктас дейтін көкорай шалғынды аймағына Байқоңырдан ұшырылған зымыранның құлап, жерімізге гептиль уын төгіп кеткені анықталды. Бұл турасында Мәскеу жұмған аузын үш тәулік бойы ашпай, отырып қалған-ды. Гептиль уы 1986 жылы Жезқазған даласына құлаған зымыранның кесірінен, 1 миллион киік жануарын қырып салған-ды. Ал, мына “Протон” зымыраны жапсардағы үлкен қалаларымыздың біріне құлағанда, тұрғындар құмырсқадай боп, қырылып қалатын еді. Құдай иіп олай болмады.

Қазақстанның 10 адамнан тұратын Үкімет комиссиясын Тоқтар Әубәкіров пен министр Серікбек Дәукеев басқарды. Ресейдің 25 адамнан құрылған Үкімет комиссиясын ғарыш агенттігінің Бас директоры Ю.Коптев пен Ресей Федерациясының Қазақстандағы елшісі В.Николаенко басқарды және оған Ресей Қорғаныс министрлігінің маман өкілдері кірді. “Байқоңыр” ғарыш айлағынан осы жолы тап болған апаттың зардаптары егжей-тегжейлі зерттелді. Көктас ауылындағы бір үйдің ауласына аспанда жарылған зымыранның 200 килограмдық бөлшегі түсті. Ауыл маңындағы көлшікке бірнеше жарықшақ шашылды. Мамандар көл суын ішуге үзілді-кесілді тиым салды. Апат болғаннан кейін екі тәулік бойы төңіректен жарамсыз, өткір иіс аңқып тұрды.

Алаштың ардақтысы, біртуар перзентіміз, ғарышкер Тоқтар Әубәкіровтың айтуына қарағанда, “Протон”

зымыран-тасығышында 43 тоннадай гептиль сұйығы болады екен. Осыншама мөлшерде төгілген улы заттың топыраққа сіңген жері байырғы қалпына келуі үшін, 3 мың жыл қажет дейді. Бұған дейін 10 жыл бойы пайдаланып келген, “Протон” ауыр зымыраны 95 рет ғарыш кеңістігіне көтеріліп, жер орбитасына осыншама мөлшерде жер серігін шығарған. Бұдан басқа да бірсыпыра “Протон” зымырандары кезінде апатқа ұшыраған. Оларды құпиялық сақтап, халыққа жария етілмеген. 1993 жылы ғарыш көлігі сапасыз жанармай құйылғандықтан, ұша бере жарылып тынған. Тағы бір апат 1997 жылдың желтоқсан айында болған.

1999 жылы жер орбитасына “Протон” зымыранының 16-сы ұшырылуы керек еді. 14 шілдеге дейін соның 10-қалыпты. Қазақстан Республикасы осы жылдардағы Премьер-министрінің орынбасары Александр Павловтың мәлімдеуінше, егер Қазақстанның ықтиярынсыз жоғарыдағы апаттың Қарқаралыдағы залалы жойылмай жатып, тағы бір ұшыру бола қалса, онда “Байқоңыр” ғарыш алаңы жабылмақшы екен. Алайда, бұған біздің Үкіметіміздің шамасы жетпей, айлық ұзақ мерзімге жалға берілді. Қазақтың Ұлытау, Жаңарқа, Шет, Қарқаралы, Баянауыл сықылды көрікті аймақтарына келешекте де қауіп-қатер төнуі ықтимал сияқты. Тоқтарды күйіндіретін осы жағы екен.

Ел қамын ойлаған қайран азамат. Біз де саған ұзақ ғұмыр, есен-саулық тілейміз!.. Туған халқынның алдағы мерейі мен бақыты үшін, асыл еріміз, сен де биік таудай сүйеніш тірегіміз, әрі зор мақтанышымыз боп, нақ қасымызда жүргейсің!

20. Мыс ошағы тарихынан

Күні кеше ғана аяқталған ХХ ғасырдың ұмытылмайтын 30-шы жылдарында Қоңырат-Балқаш құрылысына өзі де белсене қатысқан, айтулы кен инженері, әрі үлкен мемлекет қайраткері Дінмұхамед Қонаев өзінің 1958 жылғы Мәскеудегі саяси баспадан жарық көрген “Казахская ССР” деген кітабында Балқаш комбинатының бүкілодақтық маңызы мен алатын орнын былай деп атап көрсеткен екен: “Түсті металлургия — Қазақстан өнеркәсібінің аса беделді саларының бірі. Ол бірқатар кәсіпорынды біріктіреді. Және халық шаруашылығына ең қажетті бұйымдардың басым бөлігін өндіреді. Бастапқы бесжылдықтар тұсында орнап, қатарға қосылған Балқаш мыс қорыту зауыты сияқты түсті

Историко-публицистическое издание

АЗИЕВ Амен

МУДРОСТЬ ВЕЛИКОЙ СТЕПИ

(От Абылайхана до Нурсултана)

(на казахском языке)

Редакторы *К.Хамзақызы*
Көркемдеуші редакторы *Н.Нұрмұханбетов*
Техникалық редакторы *Ф.Овчиникова*
Терген *А.Бидашева, Л.Темірбекова*
Қаттаушы *А.Бидашева*

ИБ № 306

Теруге 15.06.01 жіберілді. Басуға 03.09.01 қол қойылды.
Пішімі 84x108 1/32. Офсеттік № 1 қағаз.
Қаріп түрі “Таймс”. Шартты баспа табағы 18,06.
Есептік баспа табағы 19,6+0,8 илл.
Таралымы 1000 дана. Тапсырыс № 713
Бағасы келісімді.

Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі.
ЖШС “Санат” баспасы, 480012, Алматы қаласы, А.Байтұрсынұлы көшесі, 65 “А”.

Кітап ЖШС “Санат” баспасының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Республикалық мемлекеттік қазынашылық кәсіпорын “Жедел басып шығару баспаханасы” 480016, Алматы қаласы, Д.Қонаев көшесі 15/1-үй.



Өмен ӘЗИЕВ

Белгілі жазушы, әдебиетші және тарихшы ғалым, ұстаз, профессор Өмен Махатұлы Әзиев 1927 жылы Қарағанды обылысының Қарқаралы ауданында дүниеге келген. Ол 1950 жылы Қазақ университетін бітіріп шыққаннан кейін, Қарағанды облысының баспасөз орындарында жауапты қызметтер атқарған. 1963-1993 жылдар аралығында Қарағанды педагогика институтында доцент, Қарағанды политехникалық институтында профессор болып жұмыс істеді.

Ол 20-ға тарта көркем шығармалардың және бірнеше ғылыми еңбектің авторы. Оның “Өтелген өкініш” (1965), “Шапақ” (1968), “Оянған ар” (1972), “Шұғыл тапсырма” (1976) —, “Айқас” (1997) повестері, “Жез таулар” (1977), “Мыс ошағы” (1980), “Медный пояс” (1991), “Жер жарасы” (1994) романдары, “Қазыналы Сарыарқа” (1978), “Сокровища Сарыарки” (1986), “Қазақ повесі” (1989) атты монографиялары, “Есіл ару” (1980), “Аққудың қазасы” (1999) деген пьесалары жұртшылыққа барынша таныс. Оның кандидаттық диссертациясы қазақ повесінің тарихына, докторлық диссертациясы Қазақстандағы түсті металлургия тарихына арналды.